

Республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тракторлармен лизинг шарты бойынша қамтамасыз ету мақсатында өзара борыштарға есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1209

Республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы жасап шығаратын тракторлармен лизинг шарты бойынша қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Богатырь-Аксес-Көмір" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің республикалық бюджет алдындағы қосылған құнға салынатын салық және заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы жөніндегі 65 (алпыс бес) млн. теңге мөлшеріндегі берешегін өтесін;

аталған соманы "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизинг шарты бойынша трактор беріп тұруы жөніндегі шараларды ұйымдастыруы үшін Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорын қаржыландыру есебіне есептесін.

Берешекке есептеме аталған соманы 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

2. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизинг шарты бойынша трактор беруді өзінің "Богатырь-Аксес-Көмір" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жинақтаушы заттар үшін берешегін өтеудің есебіне жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамымен, "Богатырь-Аксес-Көмір" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен және лизинг берушілермен бірлесе отырып, есептеме жүргізуге арналған өзара борыштарды салыстыру актілерінің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті есептеме жүргізу барысына бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК